



FTAMP 16.21.47
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-6887-2025-151-2-325-338>

Көне және қазіргі антропонимдер арасындағы семантикалық сабақтастық

Б. Әбдуәлиұлы*¹, Ы.Ә. Тұранов²

¹Халықаралық шет тілдер университеті, Сиань, Қытай

²Қараөткел мектеп-лицейі, Ақмола облысы Қараөткел ауылы, Қазақстан

(E-mail: Bekzhan_A7@mail.ru, bereke1984@mail.ru)

Аңдатпа. Кісі есімдері – адамдардың тарихымен бірге жасасып келе жатқан тілдік дерек. Оның табиғатын зерделер болсақ, көптеген тарихи-мәдени ақпараттарға куә боламыз. Соның ішінде таным мен сенімнің белгілері қай заманда болсын мағынада сақталады да, тарихи сабақтастықтың өзегі ретінде көрініс береді. Көне тұлғалы Барақ, Итемген, Итбай есімдері мәдени көзқарастардың дамуымен бірге Амандық, Тұрар, Тоқтар болып өзгерді. Екі топтағы есімдердің антропонимдік мағыналары өте жақын, бірдей деп санауға болады, ол – сәбидің амандығын тілеу. Есімдердің түрі өзгергенмен, көне мағына сақталып, бүгінге жетіп отыр. Бұндай байланысты «семантикалық сабақтастық» деп атаймыз. Көне мен жаңаның арасын жалғап тұрған бұдан өзге «морфологиялық сабақтастық» және «лексикалық сабақтастық» құбылыстары бар, осы үшеуінің ішінде мақалада семантикалық сабақтастыққа назар аударылған.

Көне түркі жазба ескерткіштері арқылы жеткен кісі есімдері мен қазіргі түркі, соның ішінде қазақ есімдерінің арасындағы мағыналық байланыс түрлі қырынан көрінеді. Мақалада сабақтастықтың бұл түрлері «тұлғасы көнерген есім нұсқаларының сабақтастығы», «көне мен жаңа нұсқалар сабақтастығы», «тарихи есімдердің жаңғыруы арқылы сабақтасу» ерекшеліктері бойынша топтастырылды. Әр дәуірдегі тарихи өзгерістер және халықтар арасындағы мәдени-экономикалық қатынастар кісі есімдерінің лексикалық құрамына ғана емес, мағынасына да ықпал етеді. Бұл ықпал прецеденттік құбылыстар, сөз алмасқан екі тілдегі ұғым-түсініктердің ерекшелігі, қоғамдағы мәдени көзқарастардың жаңғыруы т.б. арқылы жүзеге асады. Осы айтылғандардың негізінде, мақалада, антропонимдердің тарихы мен табиғатына тән семантикалық процестердің даму эволюциясы нақты ұғымдар бойынша жүйеленіп, оған дәлелді мысалдар ұсынылды.

Түйін сөздер: антропоним, антропонимдік өзек, семантикалық сабақтастық, морфологиялық сабақтастық, лексикалық сабақтастық, прецеденттілік, төл есімдер, кірме есімдер, семантика, денотат, сигнификат

Кіріспе

Көне түркілік антропонимдік қор бүгінге дейін үлкен өзгерістерге ұшырады, алайда тұрақты сақталып келе жатқан бөлігі де бар. Оны «антропонимдік өзек» деп атаймыз. «Антропонимдік өзек» ұғымы кісі есімдерінің өткені мен бүгінін сабақтастырып тұратын тілдік және тілден тыс құбылыстардан құралады. Соның ішінде семантикалық сабақтастық арнайы қарастыруды қажет етеді. Жалпы есімдердің мағынасын зерттеушілер оны «1. заттық (денотаттық) мағына, 2. ұғымдық (сигнификаттық) мағына және 3. сезімдік мағына» деп топтастырады [1, 261 б.]. Кісі аттарына да осы ерекшеліктердің барлығы ортақ әрі олардан өзіндік ерекшелігі де бар. Өйткені антропонимдік мағына өзінің дербестігімен және қызметімен ерекшеленеді. Осыған дейін зерттеушілердің жалқы есімдерде мағына болады және болмайды деген бір-біріне қайшы екі түрлі пікір ұсынғаны белгілі. Еуропа және орыс ғалымдарының осындай екіжақты пікірлеріне тоқтала келіп, Т.Жанұзақов «Тегінде, жай сөз бен жалқы (кісі аттарының) есімдердің арасында белгілі дәрежеде айырмашылық ізі бар. Мәселен, қарапайым зат атауы – «қағаз» деген сөз бен кісі аты Жақып арасындағы өзгешелік пен ерекшелік бірден көзге түседі. Қағаз сөзінің лексикалық мағынасы «жазатын ақ қағаз» болса, Жақып жөнінде, Жақып аталатын адамнан бөгде еш нәрсе білмейміз. Өйткені, есім адамның бойындағы қасиетін, сапасын толық білдіре алмайды», – деп тұжырымдайды [2, 92 б.]. Шындығында ғалымның пікірінде көпшілік ғалымдар байқамаған, жалпы есім мен жалқы есімнің арақатысы туралы үлкен бір мәселе меңзеліп тұр.

Кісі есімдерінің мағынасына қатысты ой тұжырымдағанда мына мәселелерге назар аударуымыз керек. Біріншіден, мағына дыбыстық тұлғаның тікелей қызметімен байланысты. Жалпы есім сөз нені атаса, нені білдірсе соны оның мағынасы дейміз. Кісі есіміне де оның қызметі бойынша анықтама берер болсақ, мағына орнына адамды көрер едік. Бір есіммен ондаған, жүздеген адам аталады, ол адамдардың болмысы бірін-бірі ешқашан қайталай алмайды, сондықтан бұл орайда, мағына орнына есімнің атауыштық, адамдарды бір-бірінен ажырату қызметі бірінші орынға шығады. Мағына жоқ дегенде кей ғалымдар осы ерекшелігін басшылыққа алатын болса керек. Жалпы есімдер жалпы заттарды атауға арналса, жалқы есімдер (кісі есімдері) жеке адамдарды атауға арналады. Демек, мағынаның бар жоқтығын анықтарда жалқы есімдердің мағынасындағы жалқылық қасиетке де назар аударуымыз керек. Адам мен есім арасындағы байланыс мағынаға әсер етпей қоймайды (бұл жөнінде сәл кейінірек).

Екіншіден, балаға ат қоярда міндетті түрде оның мағынасына мән беріледі. Баланың бақытты болашағы, сүйкімділігі (түр-келбеті), адами қасиеттері т.б. таңдалған есімнің мағынасына жүктеледі. Тіпті лақап есім қойыларда да ол сөз белгілі бір ойды білдіру үшін таңдалады (Ұзынтұра, Әппағым, Сарбала т.б.). Осы мағына кісі есімдерінің сөзідігін дайындағанда да назарға алынады.

Осы айталғандарды жинақтай келгенде, кісі есімдерінің мағынасының қалыптасуына қатысты әлеуметтік-қоғамдық және лексика-семантикалық құбылыстарға куә боламыз. Демек, кісі есімдерінің мағынасы болады, оның ішкі сырларын тереңірек тану үшін тілдік және тілден тыс факторларға жан-жақты назар аударылуы тиіс.

Материалдар мен әдістер

Мақаланы жазу барысында қазақ есімдерінің лексикалық қоры дәуірлер бойынша топтастырылып, әр дәуірдің ерекшеліктері айқындалды және дәуіраралық семантикалық сабақтастыққа назар аударылды, лингвистикалық және экстралингвистикалық талдаулар жасалды. Нәтижесінде зерттеудің әдіснамалық негізі жүйелік талдау, салыстыру, теориялық және практикалық болжамдар, синхрониялық және диахрониялық талдау әдістерін құрады.

Нәтижелер мен талқылаулар

Кісі есімдері түрлі дәуірлер мен кезеңдердегі саяси, мәдени, экономикалық т.б. жағдайларға байланысты өзгерістерге түсіп әрі дамып жетіліп отырды. Алайда көне мен жаңа арасын жалғап тұрған семантикалық сабақтастық өзінің біртұтастығымен ерекшеленеді. Осы тұтастықтың сырларын ашу барысында мынандай нәтижелерге қол жеткізілді:

- Көне мен жаңа есімдер арасын жалғап отырған ұлттық таным кеңістігінің семантикалық классификациясы жасалды.
- Жалқы есімдерде мағына бар ма, жоқ па? дейтін сұрақтың туу себептері мен зерттеушілер назар аудармай келген мәселелерге талдаулар жасалды.
- Алғаш рет қазақ есімдері мағыналық ерекшеліктерінің қалыптасуындағы лингвистикалық және әлеуметтік-қоғамдық факторларға кешенді талдаулар жасалды.
- Кісі аттарының тарихи тегі мен біртұтас сипатын айқындайтын семантикалық сабақтастықтың элементтері нақтыланды. Атап айтқанда түрлі апелятивтердің белгілі бір антропонимдік мағына аясында топтасу арқылы біртұтас сипатқа ие болу жолдарына талдаулар жасалып, түсініктері берілді.

Қазақ есімдерінің семантикалық табиғаты. Кісі есімдерін тарихи тегімен жалғастырып тұратын негізгі өзегі болады, оны біз антропонимдік өзек деп атаймыз. Ол көне мен жаңаны жалғастырушы бірнеше компоненттен тұрады, соның бірі – семантикалық сабақтастық. Оның табиғатын тереңірек тану үшін бірінші кезекте «антропонимдік мағына» ұғымына тоқтала кетуге тура келеді. Әр халықтың тұрмысы мен салтына байланысты өзіндік атау беру дәстүрі бар. Олар өз ішінде түрлі семантикалық топтарға бөлінеді. Оны ғылым тілінде семантикалық модель деп атайды. Ғалымдар бұл мәселеге ертеректе назар аударған. Мысалы В.А. Никонов кісі аттарын үш топқа бөледі:

- а) анықтамалы есімдер (дескриптивтер),
- ә) тілек-есімдер (дезидеративтер),
- б) арнау-есімдер (меморативтер).

Әр топ бірнеше топшалардан тұруы мүмкін. Қазақ антропонимдерін зерттеуші Т. Жанұзақов В.А. Никонов классификациясы негізінде есімдердің төртінші тобына мәдени-тарихи немесе әлеуметтік, негізінен діни наным-сенімдерге, тотем, табу және қазақ халқының мәдени дәстүрлеріне байланысты есімдерді жатқыза отырып, қазақ есімдерін лексика-семантикалық тұрғыдан топтастырып берді [3, 58 б.]. А.А.Реформатский

жалқы есімдерде мағынаның болатынын (егер мағына болмаса, олар тілде не үшін қолданылады), алайда атауыштық қызметі бойынша қолданысы барысында атап тұрған затпен байланысқа түсуі оның мағынасын солғындататынын айтады [4, 67 с.]

Сөз болып отырған семантикалық модель мен антропонимдік мағына өзара тығыз байланысты. Ерекшеліктері *семантикалық модель* – семантикалық калсификацияның нәтижесі, жалпылауыштық сипатқа ие. Ал *антропонимдік мағына* – әлеуметтік-тілдік қатынастардың жемісі, кісі есімдерінің қолданысы барысында жаңадан үстелген, жеке есімдерге қатысты.

Жинақтай айтсақ, *адамды атау қызметінің ерекшелігіне байланысты апелатив лексикаға жүктелетін екіншілік мағынаны антропонимдік мағына деп атаймыз*. Апелатив лексикаға жүктелетін мағына екі түрлі болады: біріншісі – *лексикалық*, екіншісі – *әлеуметтік*. Жалпы есім сөз кісі есімі ретінде таңдалғанда оған жүктелетін арнайы мағына болады. Бақыт, Мақсат, Арман, Қанат т.б. есімдер «бақытты болсын, мақсатына жетсін, арманы орындалсын, әкесінің немесе алдындағы ағасының қанаты болсын» секілді тілекпен қойылады да, өзінің апелатив мағынасымен сабақтасып отырады. Келесі бір ерекшелік – дәстүрлі есімдердің шығу уәждері мен оған жүктелетін мағына апелативтік мағынадан алшақтап кетеді. Мысалы, қазақ тілінде Жаманбай, Тоқтасын т.б. секілді есімдер бар, «бала жаман болсын немесе тоқтап қалсын» деп емес, керісінше «аман болсын, өлім тоқтасын» деген ырыммен қойылады. Бұлар – есімнің антропонимдік мағынасы. Бұндай есімдер өзінің лингвистикалық табиғатымен ерекшеленеді. Сөздіктерде түсіндірмесін бергенде немесе этимологиясына талдаулар жасағанда *лексика-семантикалық* табиғаты негізге алынады.

Кісі аттарының мағыналық ерекшеліктерге ие болуына оның *әлеуметтік* қызметі де ықпал етеді. Тілдегі сөздерден кісі есімі жасалған соң қолданысы барысында сөз өзінің бастапқы мағынасынан алыстап, өзі атап отырған адамды білдіруге қарай ойысады. Бұл кісі есімдерінің адамды атау қызметі барысында әлеумет тарапынан берілетін немесе қабылданатын мағынасы. Кісі есімдерінің түсіндірме сөздігінде ондай есімдер арнайы көрсетіледі. Мысалы, «Мұсылман есімдерінде» Мұстафа – *араб.* «таңдаулы [Алланың]», *Мұхаммед с.ғ.с. эпитеті* [5, 174 б.]; «Өзбек есімдерінде» Мұхаммад, Muhammad (*ар.*) – мақтауға, алғысқа лайық. *Мұхаммад пайғамбар* [6, 266 б.], «Адам аттары – эл байлығында» Жусуп есімінің қырғыздар арасында таралуына ислам діні мен мәдениеті және Жүніс пайғамбардың есімі себеп болғанын айтады [7, 99 б.]. «Есімдер сырында» Абай есімінің бір мағынасы «Ибраһим Құнанбаевтың екінші аты» деп көрсетіледі [8, 17 б.]. Аталған есімдердің артында, бірінші мағынасынан кейін белгілі бір тарихи тұлғалар тұр. Осы тұрғыдан келгенде адам мен есім арасында тікелей байланыс орнағаннан кейін онимдер апелативтен алшақтап, өзіне жаңа мағына үстейтінін көреміз. Мысалы, Мұхаметтің әуелгі мағынасы «мақтаулы» болса, екінші үстелетін мағына – «пайғамбар, Алланың елшісі». Сөздіктерін құрастырып, түсінігін беріп отырғандықтан, мағынасы жоқ деп айтуға болмайды. Демек, кісі есімдерінің мағынасын өзіндік ерекшелігі бойынша түсінуіміз керек, яғни оның ішінде *әуелгі ойға алынған мағына (арман, тілек), уәж, атқаратын қызметі* негізгі элементтер ретінде назарға алынуы тиіс.

Бұл жерде адам мен есім арасындағы байланыс бірінші орынға шығып отыр. Жалпы есімдердің лексика-семантикалық табиғаты бойынша бұл екіншілік мағына болып

есептелгенімен, антропонимдерге тән негізгі ерекшеліктердің бірі болып табылады. Семантикалық тұрғыдан жалпы есімдер мен кісі аттарының арасындағы осы ерекшелік «антропонимдік мағына» ұғымын жеке алып қарастыруға мүмкіндік береді. Кісі есімдері апеллятивтерге тәуелсіз антропонимдік мағынасы бойынша синонимдік топтар құрайды. Мысалы, ілгерідегідей жыл атауларынан қойылған Жылқыбай, Сиырбай, Қоянбай т.б. мен Жылгелді, Наурызбай т.б. есімдер бір синонимдік қатарда тұрады. Антропонимдік мағынаның бұл ерекшеліктерінен кісі есімдерін семантикалық модельдер бойынша топтастыру қажеттілігі туындайды.

Сол секілді Дүйсен (Дүйсенбай), Сейсен (Сейсенбай), Сәрсен (Сәрсенбай), Бейсен (Бейсенбай), Жұмабай (Жұман), Сенбі (Сембай), Жексен (Жексенбай) баланың аптаның қай күнінде туғанына байланысты қойылады, яғни бұрынғы мағынасына қосымша баланың туылуы мен кісі есімі туралы ақпараттарды да жүктеп алады. Антропонимдік өзекті құраушы бірліктер қатарында лексикалық қордан тұрақты орын алып отырғандықтан, бұл есімдер ат қою дәстүрінің негізгі көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Мағынаға тікелей қатысты ат қою дәстүрі мен кісі есімдері арасындағы байланыстың ерекшелігіне зерделей қарасақ, кісі есімдері танымдық кеңістікті бейнелеуші құрал болып шығады. Айталық, ілгерідегі есімдер баланың туған уақытын білдіру мағынасының айналасына топтасса, Желдібай, Боранбай, Дауылбай бала туған кездегі табиғат құбылысын сипаттайды. Қазақ антропонимиясында мұнан өзге де көптеген мағыналық топтар бар, ат қою дәстүріндегі осы ерекшелік бір-бірінен алшақ тұрған әр топтағы сөздерді (кісі есіміне айналғаннан кейін) антропонимдік мағынасы бойынша белгілі бір тақырып аясына жинақтайды, яғни жаңаша синонимдік қатар құрылады.

Халықтың ұзақ уақытқы тарихында қалыптасқан тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, әлеуметтік-экономикалық қатынастары, жалпы алғанда өмірлік танымы мен барша арман-тілегі кісі аттарының құрамынан көрініс береді. Осы кеңістікті қамтитын кісі есімдері антропонимдік өзектің негізін құрайды. Кісі аттары уақытпен бірге жетіліп, жаңарып отырады, алайда семантикалық сабақтастық сақталады. Ұлттық әлем кеңістігін классификациялаумен семантикалық модель бір-біріне сәйкес келеді. Ат қоюдағы мақсат-мұрат, арман-тілекті сипаттауға арналған топтардың құрамында көне тұлғалылар да, заманына лайықталған жаңа жасалымдар да болуы мүмкін. Көне тұлғалылардың өмір сүру уақыты барлығында бірдей емес, қоғамдық санадағы өзгерістерге байланысты кейбірі қолданыстан түсіп қалса, енді біреулері жаңа жасалымдармен бірге жасай береді. Осы жағдайда қолданыстан кеткен есімдер мен жаңадан келіп жатқандардың арасын үзбей, өзара байланысын сақтап отыратын тетік – семантикалық сабақтастық.

Семантикалық сабақтастық. Семантикалық сабақтастықты өз ішінде үш топқа бөліп сипаттауға болады: бірінші – *дыбыстық тұлғасы көнерген нұсқалар* сабақтастығы, екінші – *көне мен жаңа нұсқалар* сабақтастығы; үшіншіден, *тарихи есімдердің жаңғыруы арқылы* сабақтасу. Енді осылардың әрқайсысына жеке тоқталып көрелік.

Тұлғасы көнерген нұсқалар сабақтастығы этимологиялық тұрғыдан анықталады. Тіліміздегі біршама кісі есімдерінің дыбыстық тұлғалары көнеруіне байланысты мағынасы да көмескіленіп, түсініксіз жағдайға жеткені байқалады. Олардың шығу

тегін анықтау барысында бір-бірімен мағыналық байланыста екені анықталып отыр. Мысалы, көне түркі тіліндегі АЗАҚ – Оғыз қағанның есімі. «Азақ» сөзі көне түркі тілінде бірнеше мағынада қолданылған, солардың ішінде, 1. AZAQ II аяқ, AZAQ III жалқы е. мағыналары кісі атына айналуына себепші болған деп топшылаймыз. Көне түркі тайпаларында адамның дене мүшесін (аяқты) білдіретін сөз *аяқ, азақ, адақ* тұлғаларында қолданылған. Бұл сөздердің түбірлерінен *адым, аттау, аяқтау* немесе *адаққы* 'соңғы', *адақтау* 'бітіру', *адақтау* 'алға ұмтылу, озу', *адақтау* 'аралау'; *адақ арба* 'жас баланы жүруге үйрету үшін жасалған арба' т.б. секілді сөздер жасалған. Аталған сөздердің мағыналық дамуынан кісі аттарына байланысты мынандай мақсат-тілектер байқалады: 1. Өмірге жаңа қадам басқан сәби, перзент. Бұл орайда, Азақ есімі Адай (көне түркі: балапан), Балақай, Балдырған, Балауса т.б. мағыналас болып келеді; 2. Болашақта ілгерішіл, жасампаз, жалынды болсын деген арман. Бұл мағынасында, Дауыл, Асқанбек т.б. есімдермен мағыналас. 3. Осы сәби үйдің кенжесі болсын, осыдан кейін тоқталсын деген тілек. Кенже, Тоқталы, Соңғыбай т.б. есімдермен мағыналас болып келеді. Осы есімдердің қатарына мағыналық және түпкі дыбыстық тегі жағына сабақтасып жатқан Алға, Алғай, Алғыр, Алғатай, Алғадай, Алдан, Алдыоңғар, осы есімдермен семантикалық сабақтастық құрайтын Құттыаяқ, Құттықадам, Байқадам секілді есімдерді синонимдік бір қатарға қоюға болады [9, 44-51]. Этимологиялық талдаулар барысы көне түркі тіліндегі Күсемістің (қазақ фамилияларының құрамында сақталған қазіргі) Аңсаған, Арман, Көксеген, Мақсат, Сағыныш, Ынтық секілді есімдермен мағыналық жағынан сабақтасатынын көрсетіп отыр. Ұзақ уақыт күттіріп барып өмірге келген сәбилерге осындай есімдер қойылған. Ата-ананың баланы сағыну, арманына жетіп оны көргендегі сезімдері осындай есімдердің мағынасы арқылы көрініс берген.

Көне мен жаңа нұсқалар сабақтастығы. Халықтың дүниетанымы мен салт-дәстүр кеңістігі түрлі тарихи кезеңдерді басынан кешірді. Осы кеңістіктің кескіні тілде бейнелі бірліктермен, көріктеуіш құралдармен сипатталып, жүйеленіп, айқындалып, сапалық жағынан жетіліп отырды. Әр кезеңде жаңғырып, жаңаша түрленіп отыратын кісі есімдерінің даму ерекшеліктерінен де осы үдерісті көреміз. Осы орайда *лексикалық қордың толығыуы* арқылы жүзеге асатын сабақтастықтың ішінде мәдени сапасы жаңарған нұсқаларды атап өтуге болады. Кісі есімдері де уақыт өткен сайын қоғамдық сананың жаңаруымен, сапалық жетілуімен бірге, мағыналық ерекшелігін сақтай отырып, жаңа үлгілермен толығады. Мысалы, көне түркі тілінде итті тотем тұту уәжі бойынша жасалған Барақ есімі бар. Ырым етіп қойылған Италмас, Итбай, Итемген, Төбет т.б. мағыналас. Кейінгі кезде бұлар Тұрсын, Тұрар, Тоқтар, Тоқтамыс, Амандық т.б. секілді есімдермен алмасты. Екеуі де бала тірі қалса деген тілекпен қойылған. Беріліп отырған мысалдан, халықтық дүниетанымға негізделген антропонимдік мағына сақтала отырып, антропонимдік қордың мәдени сапасы жетілген нұсқалармен толыққанын аңғарамыз. Балаға қатысты ырымдарға байланысты тілімізде бұдан өзге де көптеген есімдер бар. Халықтың наным-сенімі балаң шағындағы қалпын өзгертіп, дүниеге деген көзқарастары айқындалған сайын ырымдау да сирей бастаған.

Тарихи тұрғыдан қарастырғанда көне түркі жазбаларында Barča turmīš (Барша турмыш), Beg turmīš (Бег турмыш), Bilig köñül sañun (билиг көңул саңун), Jaruq tegin

(Йаруқ тегін), Qutluу оғул (Қутлуғ оғул), Toqtamış (Тоқтамыш) т.б. секілді есімдердің әрқайсысының шығу уәжі бар. Осы уәждер кісі есімінің мағынасы болып табылады, өйткені таңдалған сөзге сол мағына телініп отыр. Бұлардың ішінде білік, тұр, тоқта компоненттері тұрақтылығымен өзіне назар аударады. «Білік» компоненті бүгінге дейін белсенділігін жоғалтпай, Білжан, Білім, Білімпаз, Білісбай нұсқаларында жалғасып келсе, соңғы жылдары көне түркілік Білге нұсқасы қайта қойыла бастады, Білге есімімен антропонимжасамдық ұғымдары ортақ. Мағыналық жағынан қазіргі Ақыл, Әлім, Әлима, Ғалым, Дана, Парасат т.б. есімдермен сәйкес келеді. Ал «Тоқта, тұр» компоненттерінің антропонимжасамдық мағынасы баршаға белгілі. Біздің заманда Тоқтасын, Тоқтаған, Тоқтар; Тұрсын, Тұрған, Тұрар т.б. бастапқы негізіне қосымшалар жалғанып, жаңаша түрленген. «Бала аман болсын, өлім тоқтасын» деген тілек қазіргі тілімізде Аман, Амандық, Есен, Есенгелді, Мыңжасар, Көпжасар, Жанұзақ, Өмірзақ, Ұзақбай т.б. есімдері арқылы беріліп жүр. Бұл әр заманда өзгеріп отыратын тілдік норма талаптарына сәйкес жасалған жаңа тұлғалар. Сыртқы сипаты әр басқа болғанмен, көне түркілік мағыналық желі, яғни антропонимжасамдық ұғымдар сабақтастығы сақталған.

Тарихи есімдердің жаңғыруы арқылы сабақтасу олардың әр кезеңдегі белсенділігінің артуымен байланысты. Бұнда жаңа есім жасалмайды, дайын есім жаңа мағынасымен қайта жаңғырады. Кісі есімдерінің мағынасы кейде оны иеленген адамдардың беделімен бірге жаңа сапаға ауысады. Халық санасында ерекше орын алған тұлғалардың адами қасиеті мен қабілеті есіміне мағына ретінде сіңіріледі де, ел есінде ұзақ уақыт сақталады. Тіл білімінде олар прецеденттік есімдер деп аталады [10, 84-88 б.]. Осыған байланысты лексикалық өзектің құрамы да тарихи тұлғалардың есімі арқылы қайта жаңғырып отырады. Мысалы, ауыз әдебиеті арқылы тілдік санамызда орныққан Алпамыс, Қобланды, Ер Тарғын, Қозы, Қодар, Қыз Жібек, Баян, Ақжүніс т.б. секілді, шығу тарихы түркі дәуірлерінен басталатын, кейіпкерлер есімдерінің мағынасынан көпшілік осы адамдардың ерекше қасиеттерін көреді. Кейінгі ұрпақ бұл есімдерді батырлық, елін сүйген патриоттық, сұлулық, ақылдылық т.б. мінездің типтік үлгісімен байланыстырады. Әуел баста есімге негіз болған лексикалық мағынаға қосымша әлеумет тарапынан телінгендіктен оны әлеуметтік мағына деп атауды жөн көреміз.

Қазақ хандығы құрылғаннан кейінгі көп уақыты елді, жерді қорғаумен өткен, жаугершілік күн кешкен халықтың санасында ерлік пен патриоттық ұғымдары бірінші орынға шықты. Осыған байланысты елдің басын қосып, айналасына топтастырған Жәнібек, Керей, Хақназар (Ағназар), Қасым, Тәуекел, Әбілқайыр, Абылай, Кенесары т.б. секілді хандардың, сол тұстағы халыққа қызмет еткен Төле, Әйтеке, Қаз дауысты Қазыбек секілді би-шешендердің және басқа да тарихи тұлғалардың есімдері жұртшылықтың арасында кеңінен таралды да, есімдерінің қолданылу белсенділігін арттырды. Қазақстан Тәуелсіздігін алған жылдар ішінде ғылыми-зерттеулердің ұлттық сипат алуына байланысты өткен тарихымыздың терең қатпарлары ашылып, сақ, ғұн, көне түркі дәуірлеріндегі тұлғалар есімдері де жұртшылыққа төл тарихы ретінде таныстырылды. Содан бергі тұста тарихи тұлғалардың бейнесі Томирис, Шырақ, Білге, Елхан, Жантегін, Елтегін, Бегім, Бегімай т.б. есімдер түрінде қайта жаңғырып, халық арасында қойыла бастады.

Әлихан, Ахмет, Міржақып, Мағжан, Жүсіпбек, Смағұл, Тұрар т.б. Алаш қайраткерлерінің есімдері Тәуелсіздікпен бірге қайта жаңғырды. Кеңес тұсындағы Қазан төңкерісінің батырлары – Амангелді, Әліби т.б., Екінші дүниежүзілік соғыстың батырлары – Бауыржан, Қасым, Мәлік, Талғат, Мәншүк, Әлия т.б., халыққа қызмет еткен өнер қайраткерлері, ақын, жазушылар, кино, көркем шығарма кейіпкерлерінің есімдері – Абай, Ыбырай, Сәбит, Шоқан, Бейімбет, Сәкен, Ілияс, Күләш, Жандарбек, Роза, Бибігүл, Меруерт, Мұхтар, т.б. көптеген есімдер кейінгі ұрпаққа ауысты. Есімдерінің халық арасында қайта жаңғыруымен сәбилерге қойылу жиілігі де артты. Қазіргі есімдер арасында ілгеріде аталғандармен бірге Асанәлі (Әшімов), Ақселеу (Сейдімбек), Нұрғиса (Нұрғиса), Тоқтар (Әудәкіров), Талғат (Мұсабаев) т.б. есімдер жаңаша мағынасымен қайта қойылып жүр. Тарихи есімдердің қайталануы тілімізде бар, дәстүрлі құбылыс, алдағы болашақта да жалғаса бермек. Бұны жалпы түркі халықтарының ат қою дәстүріндегі жаңғырмалық құбылысы деп атауға болады.

Бұл есімдер әуелгі мағынасымен емес, әлеуметтік мағынасымен, яғни тарихи тұлғалардың өзі болып жаңғырды. Қазақ тарихының соңғы ғасырларындағы саяси-әлеуметтік жағдайларға байланысты тарихи тұлғаларға деген көзқарастар да әртүрлі болды. Осыған қарай олардың жаңғыру көрсеткіштері де саяси жағдайлар мен халықтың өз тарихына тың көзқараспен қарауына байланысты жаңаша сипат алып келеді. Тарихи тұлғалардың есімдері бір адаммен шектеліп қалмайды, қазақ тілінің антропонимжасамдық заңдылықтары бойынша жаңа есімдер жасалып, келесі бір тұлғаның есімі болып қайта жаңғырады. Мысалы, Әли есімінің әуелгі мағынасы Ислам қайраткері, төрт халифтің бірі, Мұхаммет пайғамбардың күйеу баласы Әлидің есімімен байланысты таралса, кейін осы есімге «хан» компоненті жалғанып жасалған Әлихан есімді тұлға қазақ тарихына белгілі болды. Қазір жиі қойылатын он есімнің алдыңғы қатарында тұр. Әлихан біріккен *әли* мен *хан* компоненттерінің мағынасы болып емес, Алаш қайраткері Бөкейханов болып жаңғырып отыр.

Кісі аттарының жасалуы, тілдің өзге салалары секілді нысан мен атау мағынасының өзара сабақтастығына тәуелсіз, ат қоюшының есімді таңдауы немесе жасауы үшін белгілі бір саланың маманы болуы шарт емес. Баласына ат қоюға әркімнің құқығы бар, сонымен қатар көп жағдайда таңдалатын есімге қоғамдық сананың да ықпалы болады. Біртұтас антропонимдік мағынаның қалыптасуында осы екі фактордың орны үлкен. Антропонимдік мағыналық сабақтастық та осы жолмен қалыптасып келеді (1-кесте).

Көне нұсқасы	Қазіргі нұсқасы
Білге, – білімді, ақылды, дана BILIG (Bilig köñül sañun жалқы е.) – 1. білім; 2. ақыл, даналық; 3. абайлау, сақтық	Абай, Ақылбай, Дана, Данабек, Данагүл, Данаш, Парасат, Сана, Сауат, Білімжан, Білжан т.б.
QUTLU – құтты, бақытты, берекелі	Бақыт, Рахат, Дәулет: Дәулетбай, Дәулетжан, Дәулетсерік, Дәулетәлі, Дәулеткелді, Дәулетбек, Дәулетше, Дәулетқожа; Бағдәулет, Байдәулет, Бегдәулет; Ағдәулет, Байдәулет, Есдәулет, Жандәулет, Молдәулет, Нұрдәулет т.б.

AJ QAYAN, AJ TOLDĪ – на- ным-сенімге, әдемілік, сұлу- лыққа байланысты берілген есім.	Айқын, Айбек, Айхан, Айару, Айсұлу, Айберген, Толғанай, Ай- мұқан, Айымбол, Айбол т.б.
ARĪY (arīy īduq) – таза, пәк; JUQA жалқы е. – жұқа, нәзік. AJAS (жүзі сұлу құлдарға берілетін ат)	Арықбай, Аружан, Тазабек, Нұртаза, Ардана, Пәкизат, Айару, Аруай, Аруерке, Аружан, Аруназ, Арутаң, Сұлу, Сұлуай, Талшын, Шырайлым, Әдемі, Көркем, Айкөркем, Нәзік, Ақбота, Ағерке, Айерке, Айназ, Ақсезім, Аруерке, Аяла, Аяулым, Ділназ, Елназ, Еркежан, Еркемай, Еркеназ т.б.
ARSLAN, BAYATUR (bayatur čigši), ALP aja, Alp er toña, Alp qutluq, Alp tegin, Alp toyril, BARS, BATUR, ER, BUYRA (ба- тырлық, ерлікке, алып күш т.б. мағыналы есім)	Алпамыс, Батыр, Батырбай, Батырболат, Батыржан, Батырхан, Ерасыл, Ержан, Ерхан, Ермұқан, Ербосын, Арыстан, Арыстанбек, Байарыстан, Бура, Бурахан, т.б.
BAQŠĪ – ұстаз, мұғалім	Молда (парсы тілінде: ұстаз, діни ғұлама) – Молдабай, Молда- бек, Баймола, Нұрмола,
BEG (Bek), qağan, QAPAN	
ČĪNAR: čīnar čēčāk qīz әйел есімі. «Шынар гүл секілді қыз» мағынасындағы қыз	Шынар, Шынарай, Шынаргүл, Өркен, Гүлжан, Гүлім, Гүлдерай т.б.
Инчу жалқы е. – інжу, асыл тас.	Алмас, Асыл, Ақмоншақ, Гаухар, Маржан, Тана, Інжу, Лағыл т.б.
EŠ (eš qaqa жалқы е.) – дос, жолдас, жолбасшы	Есім, Есжан, Есмұқан, Ескен, Ескелді, Есбосын, Есбол, Есқара, Досым, Досай, Досан, Досжан, Доскен, Дос, Жолдас, Жолдасбай, Жолдасбек т.б.
ĪT (Īt samaп жалқы е.) 1. Ит. 2. Ит жылы. BÖRĪ (Er böri жалқы е.) 1. Қасқыр, бөрі. 2. Бала, перзент.	Италмас, Итбай, Итемген, Төбет т.б. мағыналас. Кейінгі кезде бұлар Тұрсын, Тұрар, Тоқтар, Тоқтамыс, Амандық, Есен, Есен- жан, Есентай, Есенәлі, Байбөрі, Бөрібай, Қасқырбай, Құртқа т.б.
JARUQ – жарқыл, жарық, сәу- ле, нұр. JOLA – алау, шамшы- рақ, шырақ. JULDUZ – 1. жұлдыз, 2. Шоқжұлдыз.	Жарықбай, Айжарық, Таңжарық, Таңатар, Сәуле, Айсәуле, Ай- нұр, Сәулеш, Сәулебек, Нұжан, Нұртай, Нұргелді, Нұрым, Нұрыш, Нұрай, Нұрбол, Нұрбосын, Алау, Шырақ, Шамшырақ, Жұлдыз, Жұлдызай, Шолпан, Шолпанбек, Шолпанқұл, Айшолпан т.б.
IBRAHIM	Ыбырай, Ыбырайхан, Ыбырайбай, Ыбырайым, Ибра- гим т.б.
IDRIS	Ыдырыс, Ыдырысқан
ISA	Иса, Исабек, Исабай, Исатай, Исахмет
JAQJA	Яахия, Яақия
JAQUB	Жақып, Жақыпбек, Жақыпбай, Жақыпәлі, Нұржақып, Мір- жақып т.б.

Кестеде берілген материалдар қазақ есімдерінің көне нұсқаларының қазірге дейінгі мағыналық даму ерекшеліктерін көрсетеді. Олар өзара тығыз байланысты бола отырып,

семантикалық модельдерге топтасады. Мысалы, кестедегі атауларды білімге, даналыққа қатысты, құт-береке, бақытқа байланысты, тазалық, сұлулық, батырлық, ерлік, лауазым атаулары т.б. бағыттар бойынша классификациялауға болады.

Қорытынды

Кісі есімдері лексикалық қорда бар төл немесе кірме сөздерден жасалады. Антропонимдік қордың негізгі бөлігі семантикалық сабақтастықты сақтауымен ерекшеленеді – көне түркілік наным-сенімдер мен таным элементтері қазіргі есімдердің семантикасынан көрініс беріп отыр. Ілгерідегі мысалдардан көне түркілік есімдер мен қазіргі есімдердің арасындағы сабақтастықты көреміз. Сол секілді көркем мағыналы есім-тұлғалар мен дін арқылы енген дайын есімдер бар. Қазақ тілінің антропонимжасамдық заңдары бұлардың барлығына ұлттық сипат беріп, өзгерістер енгізген. Мысалы, кісі есімдеріне негіз болған «бақыт, сәуле, нұр» т.б. кірме сөздер қазақ тілінде орнығып, өзіндік ұғымдарға ие болған, осы жаңаша сипатымен олар кісі аттарын жасауға қатысады, сондай-ақ басқа компоненттермен бірігіп жаңа формалар да жасайды. Бұл кірме сөздердің түпкі тегінен алшақтауына алып келеді, керісінше қазақ есімдеріне ұлттық сипат береді. Морфологиялық құрылымда өзіндік орын иеленумен қатар, олардың семантикалық ерекшеліктері де айқындалған. Өзге елге қатасты тарихи тұлғалардың есімдері де қазақ түсінігінде жаңаша мәнге ие болған. Мысалы, Пайғамбар мен оның халифалары, сахабалары т.б. тарихқа белгілі адамдардың қазақ түсінігіндегі бейнесі арабтардікімен сәйкес келмейді. Осыған байланысты есімдердің мағынасына да өзгерістер енеді. Құраннан алынған Жүсіп, Зылиха секілді кейіпкерлердің бейнелері қазақ халқына жеткен дастандағыдан бөлек. Сондықтан, халық тарапынан бұл есімдерге өзінше мағына беріледі. Жүсіп әулие, қасиетті, көріпкел тұлғасында көрінсе, Зылиха қазақ әйеліне тән даналық пен сұлулықтың символы іспетті. Бұндай есімдер осы мағынасымен біршама балаға қойылды. Бұл есімдердің мағыналық жақтан өзгеруі семантикалық классификациялауда Жүсіпті – Қозы мен Төлегеннің, Зылиханы – Баян мен Қыз Жібектің қатарына қоюға мүмкіндік береді.

Антропонимдік өзек – көне мен жаңа есімдердің өзара байланысынан тұрады. Ол «лексикалық сабақтастық», «морфологиялық сабақтастық» және «семантикалық сабақтастық» секілді үш компоненттен құралады. Кісі есімдерінің жеке қоры болмағандықтан, жалпы лексикалық қордағы сөздерді пайдаланады. Ал жалпы есімдер кісі есіміне айналғанда мағыналық өзгерістерге ұшырайды. Бұл орайда лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлар қатар жүреді де, кісі есімдерінің бір жағы ұлттық таным кеңістігімен, екінші жағы семантикалық модельдермен байланыста болады. Ұлттық таным аясына топтасқан антропонимдердің семантикалық жағынан да сабақтастық құрауы осы себептен.

Кісі аттары уақытпен бірге көнеріп әрі жаңарып отырады. Көнерген тұлғалар қолданыстан түсіп, антропонимдік қор әрі жаңа есімдермен толығады. Осы кезде дыбыстық тұлғаның қандай болғанына қарамай, көне мен жаңаның арасын жалғап отыратын – семантикалық сабақтастық. Бүгінгі таңда бұл сабақтастықтың мәні зор, ол сақталғанда антропонимдік өзек те сақталады.

Алғыс білдіру, мүдделер қақтығысы.

Мақала АР23489736 «Қазақ есімдерін цифрлық платформа аясына жинақтау және жаңа технологияларға бейімдеу» гранттық қаржыландыру жобасы негізінде дайындалды.

Авторлардың қосқан үлесі.

Әбдуәлиұлы Б. – ғылыми мақаланың тақырыбын, мақсаты мен міндеттерін айқындау, тарихи дамуын жүйелеу, талдау жүргізу.

Тұранов Ы.Ә. – ғылыми мақаланы талаптарға сай техникалық рәсімдеу.

Әдебиеттер тізімі

1. Омарова С.К. және т.б. Лексикалық мағынаның денотативтік және сигнификативтік аспектілері // ПМУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2018. – №4. – Б. 261-269.
2. Жанұзақов Т. Қазақ тіліндегі жалқы есімдер. – Алматы: «ҚазССР Министрлер кеңесі ХОЗУ», 1965. – 143 б.
3. Мәдиева Г.Б., Иманбердиева С.Қ. Ономастика: зерттеу мәселелері. – Алматы: «Атамұра», 2005. – 240 б.
4. Реформатский А.А. Введение языковедение. – Москва: Аспект Пресс, 1999. – 536 с.
5. Мусульманские имена. Словарь-справочник. – СПб.: ДИЛИЯ, 2009. – 448 с.
6. Бегматов Э.А. Ўзбек исмлари маъноси: (б.Изоҳли луғат). – Ташкент: «Ўзбекистон миллий энциклопедияси», 2010. – 608 б.
7. Адам аттары – эл байлығы. – Бишкек: «Текник» ББ, 2011. – 329 б.
8. Жанұзақ Т. Есімдер сыры (Тайны имен). – Алматы: Парасат журналы, 2004. – 208 б.
9. Әбдуәлиұлы Б. Қазақ тіліндегі көне тұлғалы кейбір есімдердің этимологиялық негіздері // Тілтаным. А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты. – 2017. – №3 (67). – Б. 43-50.
10. Иманбедиева С.Қ. X-XIV ғғ. ескерткіштері мен қазіргі қазақ тіліндегі прецедентті есімдердің ерекшелігі мен ұқсастықтары // Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының хабарлары. – 2009. - №5. – Б. 84-88.

Б. Абдуалиұлы¹, Ы.А. Туранов²

¹Сианьский международный университет иностранных языков, Сиань, Китай

²Караоткельская школа-лицей, с. Караоткель Акмолинской области, Казахстан

Семантическая преемственность между древними и современными антропонимами

Аннотация. Имена собственные – это языковое явление, существующее на протяжении всей истории человечества. Если углубиться в их природу, можно обнаружить множество историко-культурной информации. В частности, знаки познания и веры, независимо от эпохи, сохраняют своё значение и проявляются как основа исторической преемственности. Например, такие древние имена, как Барак, Итемген, Итбай, с развитием культурных взглядов трансформировались в Амандык, Турар, Токтар. Семантическое значение имён из обеих групп остаётся практически

идентичным и выражает пожелание здоровья ребёнку. Несмотря на изменение формы имён, их древний смысл сохранился и дошёл до наших дней. Эту связь называют «семантической преемственностью». Помимо этого, существуют явления «морфологической преемственности» и «лексической преемственности», которые связывают старое и новое, однако в данной статье внимание уделено именно семантической преемственности.

Семантическая связь между именами собственными, дошедшими до нас через древнетюркские письменные памятники, и современными тюркскими, в частности казахскими именами, проявляется с разных сторон. В статье этот вид преемственности классифицирован по следующим особенностям: «преемственность устаревших форм имён», «преемственность между древними и новыми формами» и «преемственность через возрождение исторических имён». Исторические изменения каждой эпохи, а также культурно-экономические взаимодействия между народами влияют не только на лексический состав имён, но и на их значение. Такое влияние осуществляется через прецедентные явления, особенности понятий и представлений в заимствующих друг у друга языках, обновление культурных взглядов в обществе и т.д. На основе этого в статье систематизирована эволюция семантических процессов, свойственных истории и природе антропонимов, а также приведены убедительные примеры.

Ключевые слова: антропоним, антропонимическая основа, семантическая преемственность, морфологическая преемственность, лексическая преемственность, прецедентность, производные имена, заимствованные имена, семантика, денотат, сигнификат

B.Abdualiuly¹, Y.A.Turanov²

¹*Xian International Studies University, Xian, China*

²*Karaotkel Lyceum School, Karaotkel, Akmola Region, Kazakhstan*

Semantic continuity between ancient and modern anthroponyms

Abstract. Personal names represent a linguistic phenomenon that has existed alongside human history. Analyzing their nature reveals a wealth of historical and cultural information. Notably, signs of cognition and belief retain their meaning across eras, serving as a foundation for historical continuity. For example, ancient names such as Baraq, Itemgen, and Itbai transformed into Amandyk, Turar, and Toktar as cultural perspectives evolved. The semantic meaning of names in both groups remains nearly identical, conveying the wish for the child's well-being. While the form of these names has changed, their ancient meaning has endured to the present day. This connection is referred to as "semantic continuity." In addition to this, phenomena such as "morphological continuity" and "lexical continuity" also link the old and the new. However, this article focuses specifically on semantic continuity.

The semantic link between personal names preserved in ancient Turkic written monuments and those in modern Turkic languages, including Kazakh, manifests in various ways. In the article, this type of continuity is classified into the following categories: "continuity of archaic name forms," "continuity between ancient and modern forms," and "continuity through the revival of historical names." Historical transformations of each era and the cultural-economic interactions among peoples influence not only the lexical composition of names but also their meanings. This influence occurs through precedent

phenomena, the conceptual and semantic peculiarities of languages that borrow from one another, the renewal of cultural perspectives in society, and other factors. Based on these considerations, the article systematizes the evolutionary development of semantic processes inherent to the history and nature of anthroponyms, providing well-substantiated examples to illustrate these dynamics.

Keywords: anthroponym, anthroponymic core, semantic continuity, morphological continuity, lexical continuity, precedent, original names, entry names, semantics, denotation, signification.

References

1. Omarova S.K., et al. Leksikalyk magynanyn denotativtik zhane signifikativtik aspektleri [Lexical meaning denotative and significative aspects], PMU Khabarshysy. Filologiya seriyasy [Bulletin of PSU. Philological Series], 4, 261-269 (2018). [in Kazakh]
2. Zhanuzakov T. Kazak tilindigi zhalky esimder [Proper nouns in Kazakh language] (KazSSR Ministrler kenesi KhOZU, Almaty, 1965, 143 p.). [in Kazakh]
3. Madieva G.B., Imanberdieva S.K. Onomastika: zertteu maseleleri [Onomastics: Research issues] (Atamura, Almaty, 2005, 240 p.). [in Kazakh]
4. Reformatski A.A. Vvedenie yazykovedenie [Introduction to linguistics] (Aspekt Press, Moscow, 1999, 56 p.). [in Russian]
5. Musul'manskіe imena. Slovar'-pravochik [Muslim names. Reference dictionary] (DILIYA, Saint Petersburg, 2009, 448 p.). [in Russian]
6. Begmatov E.A. Uzbek ismlari manosi: (b.Izokhli lygat) [Meaning of Uzbek names: (Annotated dictionary)] (Uzbekiston milii entsyklopediyasi, Tashkent, 2010, 608 p.). [in Uzbek]
7. Adam attary – el bailygy [Personal names - national wealth] (Teknik BB, Bishkek, 2011, 329 p.). [in Kirgiz]
8. Zhanuzak T. Esimder syry [Secrets of names] (Parasat zhurnaky, Almaty, 2004, 208 p.). [in Kazakh]
9. Abdualiuly B. Kakak tilindegi kone tulgaly keibir esimderdin etimologiyalyk negizderi [Etymological foundations of some ancient proper names in Kazakh language], Tiltanyim. A. Baitursyuly atyndagy Til bilimi instituty [Tiltanyim. Institute of Linguistics named after A. Baitursynuly], 3(67), 43-50 (2017). [in Kazakh]
10. Imanberdieva S.K. X-XIV gg. Eskertkishteri men kazirgi kazak tilindegi pretsedentti esimderdin erekshegi men uksastyktary [Features and similarities of precedent names in X-XIV century monuments and modern Kazakh language], Kazakstan Respublikasy Ulttyk gylm akademiyasynyn khabarlary [News of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan], 5, 84-88 (2009). [in Kazakh]

Авторлар туралы мәлімет:

Әбдуәлиұлы Б. – филология ғылымдарының докторы, Сиань Халықаралық шет тілдер университетінің профессоры, Сиань, Қытай.

Тұранов Ы.Ә. – педагог-зерттеуші, Қараөткел мектеп-лицейінің мұғалімі, Ақмола облысы Қараөткел ауылы, Қазақстан.

Абдуәлиұлы Б. – доктор филологических наук, профессор Сианьского международного университета, Сиань, Китай.

Туранов Ы.А. – педагог-исследователь, преподаватель Караоткельского школы-лицея, с. Караоткель Акмолинской области, Казахстан.

Abdualiuly B. – Doctor of Philology, Professor of Foreign Languages, Xi'an International University, Xian, China.

Turanov Y.A. – master teacher, teacher of Karaotkel school-lyceum, Karaotkel, Akmola Region, Kazakhstan.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).